

Молалы поселкелік округі әкімінің 2010 жылғы 10 қаңтардағы "Молалы поселкелік округі Ғали Орманов ауылындағы аты жоқ көшеге Ғали Орманов және Қараой резьезіндегі аты жоқ көшеге Қараой атындағы көше атауларын беру туралы" № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы облысы Ақсу ауданы Молалы ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 1 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 06 ақпанда № 3028 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабына сәйкес, Молалы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ**
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Молалы поселкелік округі әкімінің 2010 жылғы 10 қаңтардағы «Молалы поселкелік округі Ғали Орманов ауылындағы аты жоқ көшеге Ғали Орманов және Қараой резьезіндегі аты жоқ көшеге Қараой атындағы көше атауларын беру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2010 жылдың 13 қаңтарында № 2-4-101 тіркелген, «Ақсу өңірі» газетінде 2010 жылдың 19 ақпанда № 11 (9474) жарияланған) №1 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің атауында және бүкіл мәтіні бойынша «поселкелік округі» сөздері «ауылдық округі» сөздерімен, «поселкелік округінің» сөздері «ауылдық округінің» сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

аталған шешімнің кіріспесіндегі «4-тармағына» сөздері «4) тармақшасына» сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Молалы ауылдық округінің бас маманы Малдыбаева Гулжихан Мелдехановнаға жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і .

Ауылдық округ әкімі

С. Даутбеков